

Алматы облысы, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің 3-курс білім алушыларының жазғы сауықтыру лагерьлерінен өткен жазғы практика туралы ақпарат



Педагогикалық мамандықтар бойынша оқитын 3-курс білім алушылар оқу жоспарындағы жазғы практикасын «Жалын», «Тау жанашар» сауықтыру лагерьлерінде өткізді. Колледж студенттерінен құрылған «Өркен», «Шаттық», «Көшбасшы», «Балдәурен», «Факел» педагогикалық жасақтары жазғы сауықтыру лагерьлеріне жіберілді. Ұлы ғалым, философ Әбу-Насыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген

білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген. Расында да балаларға біліммен қатар тәлім-тәрбие беру барлық білім ордаларында жүзеге асатын үрдіс. Бала уақытын тиімді пайдалануға, рухани азық жинауға үйрету баршамыздың парызымыз. Дәл осындай қажеттіліктерді өтеуге көмектесетін – жазғы мезгіл. Жазғы үлкен үзіліс ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын бекіту, денесін шынықтыруы, күш жинауы үшін беріледі. Балалардың демалысы сауықтыру лагерьлерінде,

шипажайларда, мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлерінде өтеді. Жазғы лагерьлер – тек демалыс орны ғана емес, тәрбие мектебі. Ал, болашақ ұстаздар үшін - тәжірибе мектебі. Білім алушылар жазғы сауықтыру лагерьінен өздеріне жүктелген үлкен жауапкершілікті сезінеді. Лагерьдегі бір маусым – 10 күн болып саналады. Осы он күнде әр балаға ерекше ықылас бөліп, әр баланың сабақ барысында ашылмаған жаңа қырынан танылуына жағдай жасау, балалардың әр сәтін мән-мағынаға толы ұйымдастыру, салауатты өмір салты дағдылары мен достық қарым-қатынас, патриоттық сезімдерін нығайту үшін жұмыс жасау студенттерге де оңай соқпайтыны белгілі.

Дегенмен де, балаларға жасалатын бүгінгі қамқорлық елдің ертеңін ойлау мақсатынан туындайтыны анық. Жазғы практикасын аяқтап есеп тапсырған білім алушылардың бойынан жауапкершілік, адамгершілік, отансүйгіштік сияқты ізгі қасиеттердің орын алғанын көреміз.



Студенттердің әртүрлі жас пен ұлт арасындағы ынтымақтастықты бекітуді, балалардың ынты-ықыласын, қызығыушылығын, жеке-дара ерекшеліктерін дамытуды, ұжымдық-шығармашылық жұмыстарды, тәрбиенің бағыттары бойынша іс-шаралар ұйымдастырып өткізуді үйренгені байқалды. Атап айтсақ: «Жалын» жазғы сауықтыру лагерінде «Сәлем, Жалын!», «Атамекен», «Үндістер күні», «Жұлдыздар шеруі», «А вам, слава», «Қыз сыны», «Тау жанашар» жазғы сауықтыру лагерінде «Көңілді жарнама күні», «Табиғатты аялау күні», «Наш отрядный дом», «Алло, мы ищем таланты», «Знакомьтесь – это мы!», «А в нашем лагере...» сияқты өткізген кештері соның дәлелі. Бұл практикадан білім алушылар балалардың жүрегіне жол таба білуді, бір адамға ғана емес, бірнеше адамға қамқор болып, олардың бәрін бөліп жармай тең қарауды үйренді. Балалардың досы да, ұстазы да, анасы да бола білуді, тіпті олар қуанса бірге қуанып, олар мұнайса көңілдерін көтеруге тырысып, балалардың уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге болатынын ұғынып өткізе білді.

